


Л 2005
5826к

КАУЫЛ
ІТАПХАНАСЫ

Болат
ҮСЕНБАЕВ

ЖЕҢЕШЕ






Болат YСЕНБАЕВ

ЖЕҢЕШ

Өлеңдер мен балладалар



ISBN 9988-935-8-0
Ж. 2004 г.

Книга посвящена жизни и творчеству казахского писателя Болата Сенбаяева. В книге представлены его лучшие произведения: романы, повести, рассказы, пьесы, стихи. Книга рассказывает о его детстве, юности, становлении как писателя, о его творческом пути, о его любви к родной земле, к казахскому народу. Книга является своеобразным путеводителем по жизни и творчеству Болата Сенбаяева.

Алматы
“Қайнар”
2004

Болат YСЕНБАЕВ

ISBN 9988-935-7-0
043(6)-04

2004, 350 с., 210x280
“Қайнар”, Астана, Казахстан

ISBN 9988-935-7-0

ББК 84 Қаз 7-5

Y 83

*Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат жөне спорт министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр*

Усенбаев Б.

**Y 83 Женеше.Өлеңдер мен балладалар.— Алматы:
“Қайнар” баспасы, 2004 — 112 бет.**

ISBN 9965-9325-3-0

Болат Усенбаев — республикалық жыр мүшсійраларының, “Жігер” фестивалінің (1980 ж.) лауреаты. Оқырман қауымға республикалық әдеби басылымдар мен толтама жинақтардан ойлы да ойнақы, көркемдік кестесі келісті жырларымен таныс.

Ақын елдік пен ерлікті, азamatтық пен адамгершілікті, ұлттық намыс пен халқымыздың асыл мұраттарын, махабbat пен табигатты тебірене жырлайды. Өлеңдері мен балладалары жаңашыл, ізденгіш қаламгердің өзіне төн қолтаңбасын айқын танытады. Өрнекті ой, сырлы сезім, жылы лиризм — өр шумақ, өр өлең жолының темірқазығы.

Y — **4702250202**
403(05)-04

ББК 84 Қаз

ISBN 9965-9325-3-0

© Усенбаев Б., 2004

© “Қайнар” баспасы, 2004



I бөлім. *Өлеңдер*

АУЫЛ. ТҮН

Қонырсиды жаққан қидың иісі,
Стіледі қой, сиырдың күйісі.
Жентем отын маздатады ошаққа,
Абын-тұбің әңгіме айтып үй-іші.

Жұлдызды көк.
Тұнжырайды түн іші,
Айдың демі — тыныштықтың тынысы.
Мәз боламын тұскім келмей аспаннан,
Киялымның ілініп қап бір үшы.

Көк тоғай, жасыл жайлау бағын ашқан,
Адыр ассан, көк жусан, адыраспан.
Бұлың-бұлың белдерің бетегелі,
Шүйгін мекен Шұрайлым қадыры асқан.

Шынар көкке қаздыш шанышылған шың,
Қалдырам көрімдікке қамшымды алсын.
Саумал самал, жанымды желіпші бір,
Сағыныштың ындыны қансын, қансын.

Сезімге сәуле ендіріп боз даладан,
Бозқараған жанынды қозғар әмән...
Шұрайлымның көз салсын шырайына,
Жігері мен жүйкесі тозған адам.

Ерлігі бабамыздың болған аңыз,
Есімі естілгеннен толғанамыз.
Қазақтың жомарттығын, мәрт мінезін
Дала деп қарапайым қолданамыз...

Жерін қорғап көз ілмей жаттан ұдай,
Малын баққан дей жүріп сақта құдай.
Еш сыр айтпай томсарып ұнсіз-тұнсіз,
Таулардың не себептен жатқаны жай?

Білмеген кеюді де, қажуды да,
Алдырмаған тістіге, азулыға.
Бабамыздың тарихы біз білмейтін,
Дала деген дәптерде жазулы ма!

Бұл тұста ойран өткен, қалмақ қырған,
Ел ісіне ерлерің болмақ құрбан.
Сөз алғысы кеп тұр ма жұмбақ тарих,
Кешегі мен бүгінді жалғап тұрған.

Қылыш есімді қазактың көп тұрағы,
Бір ұміт бол көкейде от жактырады.
Ертегінің ең алып батырындай,
Бабаларды іздегім кеп тұрады.

ЕҢКУ-ЕҢКУ ЖЕР ШАЛЫП...

Тарихтың тасасында тұрақтаған,
Өтеуі өткен қүннің сұрақ маган.
Еңку-енқу жер шалып, елін қорғап,
Өтіпті еркіндігін сұрап бабам.

Қарусызың-ақ шаруагер құрағымен,
Тұлпар мініп даласын қорықды кең.
Дауга түссе түйікқа тұралатқан,
Аталы сөз айтып сап орынымен.

Даналығын **Жәнібек**, айтыпты Асан,
Ақындықта Абаймен қолтықтасам.
Фарабиң туғызған қайран елім,
Орынын Отырарынның қайтіп басам?

Болдым деп кеудесіне нан піспеген,
Мұнын — жырға, шаттығын — өнгө үстеген.
Мінезі — кең пішілген күпісіндей,
Көгерген көсегесі алғыспенен.

Болса да қандай іске атын баптап,
Қия өтпей әділеттен, жатын жақтап.
Намысы найзағайдай, қиянатқа
Лап ете түсетүғын шатырлап қап.

Қажымай, кезіксе де мың сүргінге,
Көңілін аудармаған кикілжіңе.
Тұлпарлар тағдырымен тарихымыз
Жоғалып барады ма, мүмкін, бірге.

Ұқсағысы кеп әр кез қыранына,
Көші-қонмен өтіпті тұрағы да.
Бабамыздан өлең-жыр, әзіл қапты,
Қос ішек домбыра да мұра мына.

Сұзымен қас дүшпанын қалтыратқан,
Суырылып озып шыққан сан сынақтан.
Еңсесін жау шапса да тік ұстаған,
Езе алмаған қайғың да алты батпан.

Тұған жер топырағын уысқа алып,
Өтіпті іздеуменен туыс халық.
Астында қара жердің алтын жатса,
Қозғамапты құдайдан қуыстанып.

Ақтармаған көмірін, құрышын да,
Бұзбапты сұлулықтың бұрышын да.
Бабамың мінезіне ұқастық бар,
Манғаз қыр, тәқаптар тау тұрысында.

Тандайға түздің дәмін несіп көріп,
Тұн қатты ат ұстінде көшіп-қонып.
Қазақтың казыналы кен даласы,
Ұрпағына қалды алтын бесік болып.



РАЙЫМБЕК БАБА РУХЫМЕН СЫРЛАСУ

Қыраным едің қарсы үшқан қара дауылға,
Құлағын шулап жатырсын керуен жолында.
Лтениң сұзы жол беріп сізге іркілген,
Киелі бастау көз ашқан Көкпек тауында.

Ұран боп қалды, жыр-ән боп мәңгі есімің,
Қорғадың жаудан Алаштың алтын бесігін.
Ел қамын ойлап, салыпсың ойнақ дүшпанға,
Әулие тұтып, сыйынсақ сізге несі мін?

Еліне үйтқы, жеріне қорған бола алған,
Сесіңнен сенің жауынның өзі омарған.
Ұран ғып сізді, ту қылып өткен өр Албан,
Жаңғырды ізің қомескі тартып, жоғалған.

Даңғылың мынау — көсліген көше дүбірлі,
Өшкенім жанды, өлгенім қайта тірілді.
Зиратыңызды тракторшы болған қопармақ,
Құрдымға кетті құдайсыз жандар бұрынғы.

Бакыт көрсем деп, бала берсең деп тілегі,
Мінәжат етіп, басыңа сан жұрт тұнеді.
Рухыңмен қорға, құлатпай орға жүр бізді,
Куаныш тапсын барша адамзаттың жүргегі.

Қалыпты артта зобалаң көрген үш ғасыр,
Бодандықтың да бұғауы шіріп түсті акыр.
Егемен ел боп еңесін казақ тіккеді,
Жаңа ғасырмен жарысатұғын тұста тұр.

Жар болып бізге нұрындан төккін шапағат,
Сарқылмақ емес өзіне деген маҳаббат.
Кесененізді құзетіп жатқан ақ түйе,
Жоқтап тұргандай жанаардан жасы боталап.

Киындықпен қарысып, талай шыдап,
Қажыды ма қайратың, қалай, шырақ?!
Су жеткен бе мұрныңа
Иінің түсіп,
Именшектеп иіліп қарайсың-ак.

Өмірді сен қаңбақтай деп пе ең жеңіл,
Тенселдің бе жел үп деп кеткенге құр.

Ортайып та тұрады деміл-деміл,
Сабасына сыймай бір кеткен көніл.

Онай орнат деймісің шуақты арай,
Жігерінді байқайды сынап талай.
Бота тірсек, бос белбеу табансызыға,
Бақыт деген кетеді тұрақтамай.

Әмір — тартыс,
Ал, қане, камдан, қарғам,
Болған емес ғұмырда арман жалған.
Шолжаң емес,
Емендей шыныққанды,
Үміт-шырақ шақырап алдан жанган.

ЖАНЫҚ СЕНИҚ ЖАДЫРАҒАН ЖАРЫҚ КҮН

Суретші Гулжан Ахметжанқызына

Жанық сенің жадыраған жарық күн,
Текті жансың, тұяғысың алыштың.
Жатты өзімсіп жүретүгын елпілден,
Карындасты ұлы Мақатаевтың.

Думан қылып отыратын ортасын,
Жыр қылатын Қарасазын, тау, тасын.
Анқылдаған ақ көнілім, абзальым,
Жақсыларға жұлып берер қолқасын.

Еш жамандық жасай алмас кісіге,
Бір бармағын бүге алмайтын ішіне.
Жүргегі аппақ, тілегі аппақ аяулым,
Таулар кіріп оянатын түсіне.

Аты арып, тоны тозып көрмеген,
Барын берген көк аттыға көлденен.
Анқылдайды жүртқа жайып жүрегін,
Жаны дәйім ізгілікке шөлдеген.

Ку жанынды жасайсың да қуырдақ,
Құрак ұшып актарасың сырынды-ак.
Қамыққанға қанатыңмен су сеуіп,
Карлығаштай мазаң кетті шырылдан.

Бетке айтасын, отырмайсың бөлденіп,
Лақ беретін жерде жүрсің тай беріп.
Кұлықпенен, қақ-соқпенен ісің жок,
Адамдарға сендің бәрін Ай көріп.

Ақын дерсің жыр оқыса желгіне,
Көп сенетін көріпкелте, емшіге.
Кейде тіпті өзін-өзі ұмытып,
Ем іздейді ол өзгелердің дертіне.

Өлтірмеген бала күнгі қияльын,
Дана көкірек, дара мінез, зиялым.
Ашуының алды бар да, арты жок,
Мінезіне танданам да тұрамын.

Тез қуанып, тез ренжитін әклем ең,
Арка сүйеп, мен өзінді бақ көрем.
Егілмегін, ертеңінен үміт күт,
Жеңесің сен, “Аққа құдай жақ” деген.

Мұныңды айтып отырасың, қынжыла,
Жұртқа сеніп сағың талай сынды да.
Миын сәл-пәл қалар еді тынығып,
Шәлкөдеге барып қайтсаң бір жұма.

БАЗАРДАҒЫ БОЙЖЕТКЕН

Табылар деп талғажау тапшы жанға,
Шықты ма еken базарға бақ сынауга.
Қыздарын қастерлеген қазақ едік,
Қандай күйге түсірдік қас қылғанда.

Базарда түр сұлу қыз, тырнағы кір,
Боянып-ақ жүретін бүрнағы жыл.
Тотығыпты жүзі де, шаш қобырап,
Сұлұлықтың қалмапты жүрнағы бір.

Абыржыған, шаршаған күйін көрем,
Тапсам дейді ептеген тын-тебен.
Аяғынан сыз отіп, аяз сорып,
Тілім-тілім еріні сүйілмеген.

Ебіл-дебіл,
Арманы алыс әлі,
Жүк көтеріп, тал бойы қайысады.

Құла таңнан қарайып кеш батқанша,
Тірлік үшін тырбанып алысады.

Сүрінеді үйінде кеш діңкелеп,
Сүйемейді қолтықтан ешкім демеп.
Нарық қарық қыларын құдай білсін,
Айта алмайды әзірге ешкім дерек.

Махаббатын, намысын құрбан қылып,
Қыз емес, құр сүлдесі тұрган қуліп.
“Аруларды ая!” — деп айғайлап ем,
Алатаудан естілді құр жаңғырық.

Тірлік жайлы беріліп мың түрлі ойға,
Көкірегін арудың мұң шырмай ма?
Аруына араша түсе алмастан,
Азаматы, Алаштың жүрсің қайда?!

Байлаусыз үміт бекетін іздең жағадан,
Байыз таппастан жанталасуда әр адам.
Тағдыр да кейде тұrlаусыз сұлу секілді,
Біреуге құле, біреуге жүре қараған.

Тасы өрлең, біреу қиналмай алса мәресін,
Қажиды біреу қамшылап есек дәмесін.
Аңқылдақ мінез жомарттың қолын қысқа гып,
Жанынды жонды жоқшылық деген нәлетін.

Тірлігің жадау болмаған соң-ак, көрпен қен,
Сорайып тізен, бүркелмей бойың — сор тәнген.
Тұрмыстың қамын күшеттүмен жаның жабығар,
Басың да қатып,
Қарызға батып белшенен.

Бәрін де белден кетеді басып тұрмыс-хал,
Кедейлік деген адымынды тұсар бір күш бар.
Жоқшылығыңың ноқтасын жұлып тастайтын,
Алтын тауып алсам дейсің-ау сонда бір мысқал.



ЛОҚСУ

Тамырына құрт түсті де тектінің,
Шерлі ғасыр шерменде боп шекті мұн.
Арақ сасып,
Шарап мұңқіп,
Сыра аңқып,
Заман дерті санамызға септі уын.

Айта алмадық ұлға — басу, қызға — ақыл,
Адамдық ар қалт-құлт етіп құзда тұр.
Әңкі-тәңкі, кіресіл де шығасыл,
Арақ сасып абыржиды бұл ғасыр.

Қатын да ішіп,
Қара да ішіп,
Хан да ішіп,
Азбан болдық аждаһамен андысып.
Ақсақалы төрт аяқтап шалынысып,
Бозбаласы тәлтіректер тал құшып,
Ішіп, ішіп —
Өліп жатыр қан құсып.

Алқаш деген рудың соғып соыйылын,
Мастық мендеп, ішу болды ой, ұғым.
Дерт боп дендеп дәстүрлердің тозағы,
Ғұрпын бұздық Алланың ақ жолының.

Аяқ асты тапталды аппақ ар, үміт,
Ішімдікті дастарханның сөніғып.
Жуып-шайдық ісі ғой деп ақанның
Жатқандарды ақыл-естен жаңылып.

Арақ алмап,
Сыра жалмап жер үстін,
Күйін кештік күлде қалған кебістің.
Қоғамымның жүрегі айнып, лоқсиды,
Неге ішемін, неге ішесін, неге іштің?



БӘЙГЕДЕ

Тұлпарым деп сенгені тұғыр ма еді,
Қолтық сөгіп жазылып, бүтілмеді.
Қамшысымен сауырдан осты жігіт,
Делебесін қоздырып дүбір лебі.

Мына бір топ кетер ме шаңға көміп,
Қалсақ — өлім, қосылдық санға не ғып?
Жүйрігім деп баптаған шаппаса атын,
Жасиды екен жігерің — сонда кеміп.

Өңшең аттар — Тайбурыл, Құлагер ме,
Жүйрік көңіл жүйткіді, бұрады өрге.
Жанар жүрек, сенгенің — сәйгүлігің
Масқара ғып қап қойса мына жерде.

Намыс жанып, жігітің қамшы басты,
Мөлт еткізді ат көзінен тамшы жасты.
Жігіттегі намыстай, ат көзінен
Ағып түскен сондағы тамшы да аңы.

Төске салар мен мынау атты білем,
Қалса — жылап, озды ма — қатты құлем!
Құстай үшты, бұзау тіс қамшы емес,
Қайрақ намыс жанына батты білем!



ШОПАН ҮЙІНДЕ

Аймалап ағып жатыр ақша бұлақ,
Ақ үйді алты қанат, ақ шанырақ.
Алыстан арып-ашып қонақ келіп,
Шопанға сыр актарып жатса мұрат.

Қуаныштың тынбастан күйі бір дем,
Жолаушы жан үйіне жиі кірген.
Қонақтардың мерейін өсіреді,
Домбырасы шопанның үйіне ілген.

Малын жайғап, қуреңін тұсап келіш,
Қарсы алады ол солай құшақ керіп.
Балалары шапқылап қой қайырса,
Әжей жүрер отынға бұтак теріп.

Шопан отыр әңгіме баптап айтЫП,
Аңыздарды сактаған жатқа қайтіп?
Ән салады, айтады сен деп бәрін...
Осы емес пе — дарқандық, бақ-талай, құт!

ЖЕҢЕШЕ

Женешеміз қайнатып шәйді пешке,
Ыңылдайтын ән айтЫП айлы кеште.
Отырганын мұңайып аятынмын,
Білетінмін, болатын қайғы да есте.

Әннің айтқан сазы мұнды тегі:
“Алмас жігіт соғыста сынды көбі”.
Қара қағаз алса да оған сенбей,
Жарын күтіп, үмітін ілбітеді.

Жұмыс, қайғы женғемді сансырatty,
Сөндірмеді сонда да шамшыракты.
Жас сәбиін тербетсе кешке жақын,
Көздерінде мөлдіреп тамшы жатты.

Ортайғанмен, көнілі жасымады,
Тек сүркия соғысқа ашынады.
Бітсе соғыс, тезірек құшақ жайып,
Жарым келіп қалар деп асығады.

Өмірі оның бейне бір асқақ аныз,
Ол — келіншек, мына біз — жас баламыз,
Қырық бірінші жылы біз кетпен шауып,
Өмірінді ерлерше бастағанбыз.

Жеңгем жокта жүрдім мен бала бағып,
Алым-жұлым киімге қарамадық,
Аяулы ағам соғыстан оралмады,
Атқанда да Женістің таңы ағарып.

Соғыс солай құлқісін қыып кетті,
Жеңгем көңілін еңбекпен биіктетті.
Асыл адам тағдырдың талқысына
Майысса да, еменше илікпепті.

Бастау алған сөзі ақыл — бай арнадан,
Жеңгем — әже жүзіне ай орнаған.
... Қызыл күрең қою шәй кеседегі,
Бал татиды келіні даярлаған!

КӨКТЕМНЕН БОЙФА КҮЙ СІҢГЕН

Табиғат пейілі тарылмай,
Көктемнен бойға күй сіңген.
Сыланған сылқым арудай
Сұлулығына сүйсінгем.

Қарайды дала таңырқап,
Иіген бойың мейірім бе?
Наурызда жаһан жадырап,
Жомарт боп кеткендей мұлде.

Оранған үлде-булдеге,
Қылымсып көктем — қимасым.
Жұпарын сеуіп жидеге,
Шуақтан жасау жигасын.

Өмірді сүйген жан ынтық,
Жаулайды көзді шоқ гүлгүл.
Сазымен алды табынтып,
Құбылтта сайрап көп бұлбұл.

Бозторғай бөлеп сазына,
Жатқандай жанып шөптे шық,

Шашылды алтын қазына,
Гүлжайсан дәурен беттесіп.

Тобыққа түскен бұрымдай,
Бұлақтар акты бұлқынып.
Қызғалдақ қауашағындей
Қауызын жарды тіршілік.

Аспаның қабақ шығта алмай,
Бұлақтың тыңдап сыйдырын.
Бүр ашып кетті бұтадай
Бүйіғы тартқан тірлігім.

Фашық ем саған армандаі,
Желпіне түсті жаным да.
Нағашым келіп қалғандай
Жабығып жүрген шағымда,
Сағынып жүрген шағымда!

Дүр етті бар маңайым бүр боп сейлеп,
Қайыңың інінде түр көк көйлек.
Сүйсіне көкке қарап қалады қарт,
Шаруасын қыстан қалған тірнектей кеп.

Жібітіп жауырынын көктем — шуак,
Тырналар ойлантады жеткен шұбап.
Бал дәмі тілді үйіріп, тамсантады,
Қыс бойы ұмыт болып кеткен шұбат.

Өзен де қылыктанды қунақ ағып,
Тай-құлын осқырынды сұға қанып.
Фажап көктем — құс шуы, күн шуағы,
Қарт үшін кимас байлық — мың қаралық.

Себелеп көктем — нөсер жауса әдемі,
Қызыл шоқтар — наурыздың науша демі.
Көктем — жастық, жылда бір оралмасан,
Арса-арса боп табиғат қаусар еді.

Сен келіп пайда болты бөлекше рен,
Қиял қуып мен қарттан бөлектенем.
... О, көктем,
Неткен шексіз қудіретсің,
Қартқа да егделігін елетпеген.

Жасыл шапан жамылып ап тұз, белен,
Қыраттар тұр қызығалдағын үзбеген.
Көзді арбайды жасыл бақтан жаркылдап,
Алма гүлі секілденген қыз-желең.

Көйлегіне гүл әдіптең жер шүйгін,
Аңқыған гүл жұпарына елтимін.
Биыл көктем болғаны ма ерекше,
Бой жеткен бе ерке қызы қөрші үйдің?

Елеу қайда наурыздың бұл салқынын,
Табар емес жүрек дауа, жан тыным.
Шыға келті қөшеге ол сыландалап,
Сіңлісіне сыйлапты да бантигін.

Қыз кейіпті қызыл шоқтар үлбіреп,
Менің ішкі құпиямды білді көп.
Фашық болып қалдым ба екен, кеудемде
Неге тез-тез лұпіл қакты бұл жүрек?!

Куаныш құшып, құс болып ұшып кел, көктем,
Жасырып ғалам, жасанып қалам, сен жетсөң.
Кенелтіп күйге, жатқызбай үйде ешкімді,
Тағы да сән құр, өзіне тән бір өрнекпен.

Құстардың сазын, гүлдердің назын тындал ап,
Көгіне мені көтеріп ұшсын жыр-қанат...
Айлы кешінде ақманадайлыма сыр айтып,
Алма төсіне қайтайын қызыл гүл қадап.

Сарытап болған сары жон, тақыр аймак,
Тарқап кеткен базарын жатыр ойлап.
Күмілжіген күн райы мың құбылды,
Қабағы қапылыста шатынай қап.

Найзағай бұлтқа найза сұққылады,
Қалтырап қайындардан шық құлады.
Малышылаған мазасыз күзгі жауын,
Малышы достың қабағын шыттырады.



ТӘҢІР – АНА

Ана — тәңірге мінәжат етпес жоқ пенде,
Көтеріп көкке гүл ұсынамыз көктемде.
Пайғамбарлар да құдіретін оның мойындан,
Тізесін бүгіп,
Анаға тағзым еткенде.

Мейірімнің нұрын, шапағат жырын сен бердің,
Сондықтан сені тәңірге ғана теңгердім.
Домалақ ене, Күнекей сұлу, қыз Құртқа
Мәнгілік сөнбес символдарындаі сендердің.

Күнге де теңеп, гүлге де нәзік балаған,
Отырмын лайық балама таптай боп алан.
Әйелдер жәйлі жыр жазсам деп ем, бойымнан
Алақаныңың жылуын сездім, анажан.

Жолықты бақыт ару-арманмен жұптасып,
Әйелі жоқ үй адыра қалар, құт қашып.
Аяулы жандар — ақ босағаның шырайы,
Шаттығы шалқар шаңырақтардың тұтқасы.

Тағдырын оған тапсырған әрбір ер сеніп,
Жолыңда бәйек, қамығар бірге төнсе бұлт.
Аттарын қосып қасиетті тіл мен Отанды,
Ананың ғана маҳаббатымен өлшедік.

Қопарып тауды, жүреміз жерді нық баса,
Жасалды ерлік қара көз қыздар құптаса.
Адамзат жерде тіршілік етпес еді ғой,
Ананың иісі, ақ сүттің иісі шықпаса.



ПЕНДЕ – ҒҰМЫР

Сендей бұзып камалын көңіл-көштің,
Аждаға- ажал жетсе, женілмес кім?
Пәниден бір өтерін біле тұра,
Өлу үшін келмейді өмірге ешкім.

Үшқан құстай зу етер пенде-ғұмыр,
Өлімді адам өзінше женгелі жүр.
Емініп жер бетінде сенделіп жүр,
Ажалдың шырмағанша шенгелі бір.

Сараламай сайтанның жел-жетегін,
Адам естен шығарар пенде екенін.
Ұмытады,
Ұмытшақ пенде байғұс,
Мекенінің мәңгілік жерде екенін.

Қиялы алыс ұрап көкті көлбеп,
Айға қолын созады жеткізем деп.
Құранның құдіретінен құралакан,
Сонда да көсемсиді көп білем деп.

Ақиқатты азаптап, шалып құрбан,
Сайрандал бос құлкімен сауық құрган.
Қарын кептеп,
Көз тоймай дүние — бокқа,
Періште пері болар тайып қылдан.

Жалғаның аздырғасын жат қылғы,
Ескермес, кірлесе де пәк, тұнығы.
Тәсек тартса
Тұседі Алла есіне,
Сезіліп қу жанының тәттілігі.

Тағдыр — тау,
Уақыт — төбе,
Тозаң — адам,
Пенде өлсе, жоқтау айтар азандаған.
Тіріде қадіріне жеткізбейді,
Қызыл-жасыл дүние көз арбаған.

Электенер қу жанға іздең азап,
Іс тындырып жатқандай тым ғаламат.
Өлген соң өкірсөң де қайта келмес,
Бір-бірінді тірінде ізде, қазак!

Кырыкты қырда қалдырып,
Ентелей бастық елуте.
Сонадай сорып жарлылық,
Атан бол алдан шөгуде.

Бақытым, бағым жоқ демен,
Таттым деп айтпан сор ғана.
Еңбеклен тапқан еттеген
Несібе — жырым дорбада.

Ақындар қашан байыған,
Қуанам өлең — олжама.
Өмірге кейде налығам,
Ұқсайтын сиыр жорға.

Отуде күндер ілбіген,
Қанағат қарын тойдырып.
Жұлқынтыпайтұғын бір жүген,
Мойынға өмір қойды іліп.

АУЫЛДЫ АҢСАУ

Жол түспел қаншама айдың жүзі болған,
Ауылым, сенде қапты қызық, арман.
Көлбеді көзім алдын естеліктер,
Төсінде балалық шақ ізі қалған.

Достармен бірге жайнап гүл ашып ем,
Арманым аскар шынға ұласып ең.
Арманың ақбоз атын ерттеп мініп,
Өзінді кия алмай қыр асып ем.

Барады өмір өтіп, жылдар ағып,
Өзінде қалды қайран гүл балалық.
Жолыма жусан төсеп, жонын тосқан
Ойнар ма ем бетегелі қырға барып.

Тарқамай сағыныштың от-құмары,
Аңсаймын жазира бел, кек тұманы.
Алғаусыз ақша бүлттан қанат байлап,
Ауылға құс бол үшқым кеп түрдады.

Сағынышым да,
Сабылысым да,
Күмән да
Бу болып сіңер
Тіршілік деген тұманға.
Шарықтап кетсе
Арманның құсы шығанға,
Жете алмай қалам, қуам да.

Өкінішім де,
Өтінішім де,
Үрей де,
Болады ғайып,
Соқтығып уақыт — дүлейге.
Күн менен түннің
Тұңлігін жәймен түрем де,
От жағам үміт, жігерге.

Алған демім де,
Күрсінісім де,
Күлкім де,
Санаңы шырмап,
Жүректе майдай кілкуде.
Қашшама құштар
Болғанмен тірлік шіркінге,
Шегіне жету мүмкін бе?

Қуанышым да,
Қасіретім де,
Мұным да,
Жылысталп қалар
Көшкен жылдардың ығында.
Өмірдің мәні
Өлу ме өлде туу ма?
Шамам жетпейді үфуга!



ТЫФЫН

Тәнірдің де қуырылып апшысы,
Алаяққа қонды барып бақ құсы.
Қайтіп қана көсегесі көгерер,
Жамандыққа жем боп жатса жақсысы.

Төбелерді үкіледі тау қылып,
Ат-арбага жегіліпті сәйгүлік.
Тұрлауы жоқ тағдырыма қайғырып,
Заманадан қалтыраймын қаймырып.

Анқаулықты арамзалық қаумалап,
Жомарттықты сараптықтар саудалап.
Даналықты топастықтар шанға орап,
Бой көтерді пендешілік жанға жат.

Кұлықтарға бойлата алмай құрықты,
Ақиқаттар ан-тан қалып тұрыпты.
Шындығы үшін аяқ-қолын кісендеп,
Әділетті тас зынданда шірітті.

Сабылудан діңке қатты, дем бітті,
Жаман-жәутік пысықайға шен бітті.
Сұмырайдын қанжығасы қанданып,
Ақкөнілдің несібесін кем қыпты.

Айналыпты періштелер періге,
Сайтан келіп шолжыпты төріме.
Зымияндар өтірік қағып арқамнан,
Қолбала ғып алмақ болды мені де.

Жанаса алман, жұғыса алман сайтанға,
(Кеудеме ішер сыймағасын айтам да).
Жемқорлардың өңешіне өзімді,
Қылғындырар тығын етіп қойсам ба?!

О, ғұмыр — ән,
Уақыт неткен зымыран,
Мың жығылам асканша бір қырынан.
Күпті көніл айықпайды күмәннан,
Кекірегімде көкбөрідей ұлыған.

Күндер — үшқыр,
Уақыт неткен зымыран,

Әуелей тұс, үзілмеші, ғұмыр-ән.
Асып асқақ Алатаудың шынынан,
Адамдарға шашылынышы шұғылам.

Нұр боп тарап жүректегі інжүім,
Бір ғасырға ұлассынышы бір күнім.
Пенделердің пешенесін жарық қып,
Баққа орасам жұмыр жердің тұрғынын.

Зұлымдыққа беріспейтін шеп құрып,
Қуандырсам жетпегенді жеткізіп.
Әр секундты қуаныштен өткізіп,
Жаңарлардың жасын тұрсам кептіріп.

Аймаласам аңын, құсын, даласын,
Соны аңсаған сұнқар қанат сан ақын.
Тұрса алдымда қайыршысы жоқ қала,
Жаңым содан табар еді жарасым.

Ойым — онға,
Санам санға бөлініп,
Жүрегімді жейді менің жегі күрт.
Сансыратып салбекселік, салғырттық,
Күйкі тірлік көнілімді мезі ғып.

Жемқор қаптап жеке басын күйттеген,
Қыбын тауып қоғам мүлкін үттеген.
Ел, жерім деп еміренген ерлерді,
Іздесен де таба алмайсың итпенен.

Жүрміз солай...
Айналышқтап үй маңын,
Жол таба алмай жүрегімді қинағым.
Атқамінер басып қалды белінен,
Желге ұшып жетпіс жылғы жиғаным.

Итжемі боп имандылық, ізгілік,
Көкіректі қамап алды күзгі бүлт.
Арын сатып, барын сатып адамдар,
Өтірік айтып көлгірсиді үздігіп.

Бой көтеріп, жабайылық, тағылық,
Қаңырады ауыл,
Жүрт қалаға ағылып.
Нарық атты аждаһаның араны,
Өкінгенге қарамайды сан ұрып.

Шетелдіктер шекпендін іектеп,
Қазақстан қазынасын түлетпек.
Өз өнімін өндіре алмас сорлымыз,
Тікен болып шығып жатыр гүл ексең.

Ішті ыза,
Шарпығандай сананы өрт,
Күрсіндіре күйзелтетін нала көп.
Темен қарап құнжындармын шара жок,
Келер үрпақ деп атаса “Қәрабет!”

Шикізатты — алтын, темір, мұнайды...
Кек тыынға сату бізге ұнайды.
Болашақтың бар байлығы тоналып,
Қара жердің көкірегі жылайды.

ҚАЗАҚТЫҢ ЖЕРІ

Шеті мен шегі қанатын құстың талдырып,
Төсінде өткен аласапыран сан бүлік.
Кірпік ілместен өтіпті аттың үстінде,
Қорғапты жерін бабамыз таңда ұрып.

Қазақтың жері — қазбауыр бүлттар қалғыған,
Жұмактың төрі жусанның иісі аңқыған.
Найзаның ұшы, білектің құші жерді ұстап,
Фасырлар бойы жалғасқан баба салтынан.

Тұған жеріне беріспей тіреп нық табан,
Қорғады жаудан дәметіп, көзін сұқтаған.
Сүйем жер үшін сүйегі қалып далада,
Жау анталаса жаужүрек ерлер ықтаған.

О, бабам менің, сакпышың әлде гүн бе едің,
Тізе бүктірген батыс, шығыстың құллі елін.
Тауларға шығып, далама қарап далиған,
Естимін сенен Құлтегін жазған жыр лебін.

Қазақтың жері — дархандық, кендік өлшемі,
Қазақтың жері — жан, жүргегімнің бөлшегі.
Омыраулары обага толы өлке бүл,
Сүйекпен бірге көмілген қалкан, семсері.

Қазақтың жері — қисапсыз қазына, бай мұра,
Конысым болды бабамнан маған қалды да.